

С.А.Кенжеғалиев<sup>1</sup>, С.Б.Иманбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

<sup>2</sup>КГТИ–Лингва Орталық Қазақстан университеті, Қарағанды

### Т.Р.Қордабаевтың тіл біліміне қосқан үлесі

Мақалада Т.Р.Қордабаевтың лингвистикалық мұрасы мен жалпы тіл біліміне қосқан үлесі және де ғалымның алғаш рет қазақ тіл білімі тарихын жүйелендіріп, лингвистиканың әр саласының зерттеу нысанын анықтап, қазақ тіл білімінің қалыптасып дамуына зор еңбек сіңіргені жайында сөз етіледі. Сонымен қатар автордың «Жалпы тіл білімі» еңбегіндегі өзекті мәселелердің жүйелі талдауы келтірілген.

*Кілтті сөздер:* лингвистика тарихы, жалпы тіл білімі, теориялық пән, өзекті проблемалар, методика, дыбыс тілі, қоғам, функция, лексикон, индивидуалдық, сөйлеу әрекеті, этникалық топ, Прага лингвистер мектебі, түрколог, монография, мақал-мәтел.

Қазақ тіл білімінде теориялық мәселелерді зерттеу — дәстүрлі үрдіс. Ал жеке ғалымдардың ғылымға қосқан үлесі туралы жол-жөнекей ғана айтылады. Оның өзінде көбінесе белгілі бір теориялық мәселеге деген көзқарасы, пікірі ғана есепке алынады. Ал қазақ тіл білімінің тарихында айтулы үлес қосқан тұлғалар қаншама. Айта кету керек, қазақ әдебиеттануына бұндай дәстүр кең енген.

Орыс тіл білімінде жеке ғалымдардың ғылыми концепцияларын талдау, айқындау арқылы жеткен жетістіктері мол. Осы тұрғыдан жеткен жетістіктері де жеткілікті. Басқасын айтпағанда, В.В.Виноградовтың «Тандамалысының» өзі тілші-ғалымдардың жеткен жетістіктері мен жіберген жаңсақтықтарына арналған.

Ғылым тарихы өткенді білу үшін ғана емес, оның қазіргі күйін дәл, дұрыс танып, болашағын қатесіз бағдарлау үшін де қажет екендігін атап көрсетеді. Кезінде елімізде үстемдік алған саяси идеологияның нәтижесінде ғылымды да идеология бағындырды. Дүниені материалистік және идеалистік деп екіге бөліп алып айтысу да сол кезеңнің көрінісі. Сондықтан Т.Р.Қордабаев еңбектеріндегі ара-тұра кездесетін мұндай сәттерге кешіріммен қарау жөн деп ойлаймыз.

Т.Р.Қордабаев лингвистика тарихына жіктеу жасайды.

Дүние жүзіндегі тілдер қаншама көп және құрылымы жағынан алуан түрлі болғанымен, олардың бір-біріне ұқсас, бәріне ортақ қасиеттері, ортақ заңдылықтары бар.

Жалпы тіл білімі тіл туралы ғылымның бағыт-бағдарын белгілейтін жалпы теориялық пән. Оның негізгі мақсаты — тіл білімінің ең өзекті, ең негізгі проблемаларына жүйелі талдау жасап, олардың өзіндік сипаттарын айқындау.

Ондай өзекті проблемалар қатарына ғалым мыналарды жатқызады:

1. Тілдің өзіндік табиғаты мен мәні, ойлаумен, қоғаммен байланысы, атқаратын қызметі.
2. Тілдің құрылымы, құрылым элементтерінің бір-бірімен байланысы, арақатынасы.
3. Тілдің таңбалық, жүйелік сипаттары.
4. Дыбыс тілінің шығуы, тілдер дамуындағы ортақ заңдылықтар, тілдік құбылыстарға түрткі болатын ішкі, сыртқы себептер, тілдер дамуында болатын дифференциялық саралану, интеграциялық процестер, жалпы халықтық тіл, диалекті, сөйлеу тілі мен әдеби тіл т.б.
5. Тілдердің типологиялық, генеологиялық топтары, жіктелуі.
6. Жазудың пайда болу, даму жолдары.

7. Тіл білімінің өзіндік зерттеу әдістері.

8. Тіл білімінің негізгі салалары, басқа ғылымдармен қатынасы, өзіндік орны.

Автордың тіл білімін басқа ғылымдармен байланыстыра қарауы да заңды. Тіл білімі басқа ғылымдармен қаншалықты жақын байланысты болғанымен, оның дербестігіне нұқсан келмейді. Тіл білімі өзіндік объектілері, өз проблемалары, өзіндік зерттеу әдістері мен әдістемелері, өзіндік қалыпташу, даму тарихы бар қоғамтану ғылымдарының маңызды, дербес бір саласы болып келеді. Т.Р.Қордабаев дыбыс тілінің өзіндік сипаттары бір сұраудың да, бір сөйлемнен құралған анықтаманың да шеңберіне сыймайды. Егер дыбыс тілін қоғамдық қызметі жағынан айқындағымыз келсе, оған «дыбыс тілі дегеніміз — адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын құралы деп, егер тілінің ой-санамен қарым-қатынасын айқындағымыз келсе, ойды қалыптастырып жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы, ақиқат шын сана» деген анықтама береміз дейді.

Тіл қоғам қажетін өтейтін, қоғамға қызмет ететін қоғамдық құбылыстар қатарына жатады. Оның себебі тіл қоғам үшін, қоғам мүшелерінің пікір алысып, өзара түсінісуі үшін керек. Пікір алысу, сөйлесу қоғамдасқан адамдар бар жерде ғана болады, адам жоқ жерде тіл де жоқ. Адам қоғамы қашан тұған болса, тіл де сол кезеңде пайда болған. Қоғамсыз тіл, тілсіз қоғам болмайды.

Тілдің құрылымдық және функциялық жағы болады. Бұл екеуі өзара байланысты, бірақ бір емес. Тіл жалпыхалықтық дегенде, оның құрылымының жалпы халықтығы ескеріледі, өйткені бұл жағынан әр халық, әр ұлт тілі — бір бүтін. Ал қызмет жағынан алғанда тілде айырмашылық өзгешелік кездесе береді. Істейтін кәсіптеріне, мамандықтарына, білім дәрежесіне, жас мөлшеріне, жыныстарына қарай әр түрлі әлеуметтік топтардың өз сөйлеу мәнерлері, өзіндік лексикондары болатындығы даусыз. Бір кездерде «тіл таптық құбылыс» деушілер тілдің осы ерекшеліктеріне сүйенеді, сөйтіп, олар тілдің қызметтік жағын оның құрылымдық жағымен шатастырды деп атап көрсетеді.

Сөйлеу дегеніміз — тілді қатынас процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деп атап көрсетті.

Тіл мен сөйлеудің бір еместігін, бұлардың арасында айырма барын ғалымдар ертеде-ақ байқаған. Т.Р.Қордабаев Ф. де Соссюрдің тіл мен сөйлеуге қатысты көптеген құнды пікірлерімен қатар кейбір қайшылықтары да бар, ол сөйлеуді тек индивидуумдық, даралық құбылыс, онда әлеуметтік ештеңе де жоқ дей тұра тілді сол сөйлеу әректінің бір бөлшегі деген пікіріне ғылыми түрде сыни көзбен қарап былай деді: «Егер тіл әлеуметтік болса, онда ол индивидуалдық болып табылатын сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі болмау керек, не болмаса сөйлеу әрекеті таза индивидуалдық болмау керек. Сол сияқты тіл «сөйлеу әрекеті» түсінікті болу үшін, ал сөйлеу тілдің іске асуы, әрекетке жарауы үшін қажет дей тұра, сөйлеуді таза индивидуалдық құбылыс деу қисынсыз. Егер сөйлеуде тек индивидуалдық қана сипат болса, адамдардың бір-бірін түсінуі мүмкін болмаған болар еді».

Тіл мен ойлау арасындағы байланыс, бірлік олардың тепе-теңдіктерінің кепілі бола алмайды. Бұл екеуі бір-бірінен қызметі, құрылымдары жағынан да жекеленеді. Ойлаудағы мақсат объектіні танып-білу, жаңа мәлімет, тың білім беру табу болса, тіл ойды қалыптастыру, жарыққа шығару, оны сақтап, кейінгі ұрпақтарға жеткізу міндеттерін атқарады. Құрылымдары, логикалық формалары жағынан алғанда, ойлау ойдың логикалық құрылысына ұғым мен байымдауға негізделеді. Ойлаудың логикалық заңы, формасы — жалпы адамдық. Ал тілге негіз болатын оның грамматикалық құрылысы — сөз өзгертуі, сөз туғызу, сөйлем құрау ережелері.

Бұлар жалпы адамдық емес, жеке халықтық, ұлттық болады. Әрбір этникалық топ тілі ойды өзінше қалыптастырады, тек өзіне ғана тән амал-тәсілдер арқылы жарыққа шығарады. Осы себептен де әр этникалық топ өкілі өз тілі тұрғысында, өз тілі негізінде ойлайды.

Профессор Т.Р.Қордабаев ғылыми тұрғыда мағына жөніндегі анықтамаларға сын көзімен қарап, мағына дегеніміз таңбалаушының таңбаланушымен қатынасынан туатын мән, мазмұн деп түсіндіреді. Тілдік мағына сан салалы, күрделі құбылыс. Бұл мағыналардың білдіретін материалдық көрсеткіштерінің қыр-сырлары, тілде атқаратын қызметтері жақтарынан алуан түрлі болатындықтарын байқауға болады.

Т.Р.Қордабаев тілдің мағыналарының сөйлеу процесіндегі түрленуін былай түсіндіреді: «Тілдің коллектив мүшелері сөйлеу процесінде сөздің лексикалық мағынасын түрлендіріп, оны ауыспалы, келтірінді мағынада қолдана береді, ал грамматикалық мағыналарды олай түрлендіре алмайды» [1; 138].

Бұл жағдайлар тілдік семантиканың сапалық жағынан да, сандық жағынан да, құрылымдық жағынан да әрқилы екендігін байқатады.

Кез келген сөздің лексикалық мағынасымен бірге грамматикалық мағынасы қосақталып жүреді. Тілдерде кездесетін грамматикалық мағыналардың материалдық көрсеткіштері аффикстер, шылау сөздер, сөздер қатары, қос сөздер, ішкі флекция, екпін, интонация, супплетизм екенін атап көрсетеді. Әрбір грамматикалық мағына өздерінің материалдық көрсеткіштерімен бірлесіп жеке-жеке топ құрайды. Ондай топты лингвистикада грамматикалық категория деп атаймыз.

Тіл білімінде сөз тіркесін сөйлемге қосып қараудың дұрыс еместігін ашып көрсетеді. Т.Р.Қордабаев бұл жөнінде былай дейді: «Сөздер тіркесінің сөйлемнен негізгі ерекшелігі — онда предикативтік байланыстың, қатынастың болмайтындығында: *жақсы адам, кітап оқу, машинамен бару, дауыстап сөйлеу* — сөздер тіркесі, *кітап оқыды, машинамен барды, дауыстап сөйледі* предикативті тіркес, яғни сөйлем» [1; 100]. Сонымен бірге Т.Р.Қордабаев өз еңбегінде сөйлем туралы былай дейді: «Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді. Ондай жеке ойлар логикалық жағынан аяқталмауы да мүмкін. Сөйлем — ең кіші коммуникативтік тұлға. Оған тән белгілер, оның грамматикалық сипатын айқындайтын синтаксистік категориялар — коммуникативтік пен модельдік және предикативтік қасиеттері» [1; 100]. Т.Р.Қордабаев сөйлемдегі жіктеуде екі түрлі белгіні басшылыққа алады: оның бірі структуралық белгі, екіншісі — модельдік белгі.

Дүние жүзіндегі тілдер сияқты қазақ тілі де дыбыс, сөз, сөздер тіркесі, сөйлемнен тұрады. Осы тілдік элементтер өзара бірлікте, байланыста тұрып, біртұтас құрылым құрайды. Т.Р.Қордабаев тілдік элементтердің әрқайсысына байланысты өзіндік пікірін айтады [2].

Тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан ең негізгі өзгешеліктерінің бірі оның таңбалық сипатында болса, ал басқа таңбалар жүйесінен өзгешелігі — жүйелік, құрылымдық сипатында. Жүйе, құрылым дейтін атаулардың және бұлар арасындағы жақындық пен өзгешеліктерін ғылыми проблема ретінде біздің елімізде елуінші жылдар ішінен бері қарай зерттеле бастады. Осы уақыт ішінде жүргізілген пікірталастарының нәтижесінде сөз болып отырған проблемаға қатысты екі мәселе түпкілікті шешілуде деуге болады. Олардың бірі жүйе мен құрылымды өзара жақын, бірақ бір-бірінен ерекшеліктері де бар, екі бөлек ұғымның атауы ретінде қолдану, екіншісі жүйені де, құрылымды да тілдік тұлғалардың бірліктеріне, арақатынастарына байланысты қарау мәселесі. Бірақ проблеманың ең күрделі мәселелері қатарына жататын бұл екі атауға анықтама беруде лингвистер арасында бір-біріне қайшы пікірлер күні бүгінге дейін бар: біраз ғалымдар тілдік жүйені элементтер қатынасымен байланысы тұрғысында анықтаса, екінші топтағы ғалымдар оны құрылымға тән белгі деп есептейді. Т.Р.Қордабаев орыс тіл білімінде, Прага лингвистерінің мектебінде айтылған пікірлерге қосыла отырып, құрылым деп, тілдік тұлғалардың арнаулы тәсілдер арқылы іске асатын байланыстарының жиынтығын айтамыз дейді. Ал тілдік жүйе дегенге біртұтас объекті деп есептелетін құрамына енетін тұлғалар мен олар арасында болатын байланыстар жиынтығы жатады. Тілдік жүйе құрайтын кесек тұлғалар — фонетика, лексика, грамматика.

Т.Р.Қордабаев тіл дамуының, оның ішінде грамматиканың дамуы жөнінде айтқан пікірлерін өзінің XVI–XIX ғасырлар жазба ескерткіштерін зерттеу қорытындысы деуге болады [3].

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан алып зерттеудің, білудің ғылым үшін де, практикалық іс үшін де үлкен мәні бар. Себебі қандай құбылыстың, фактінің болмасын өткенін, тарихи даму жолдарын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес. Тіл тарихын зерттеуде, үйренуде басшылыққа алынатын басты бір принцип — тіл тарихын, оны туғызған, сол тілді қатынас құралы ретінде пайдаланған қоғам тарихымен тығыз байланыста қарау принципі. Тіл тарихын зерттеуде, үйренуде басшылыққа алынатын екінші принцип — зерттеліп отырған тілдің фактілерін, орынды жерінде, онымен бірге туыстас тілдермен және қаралып отырған тілдің қазіргі фактілерімен салыстыра қарау принципі.

Қорыта келгенде, Т.Р.Қордабаевтың еңбектерінің бір саласы — жалпы тіл білімі мәселелері. Бұл салада салмақты еңбектер жоғары оқу орындарына арналған «Жалпы тіл білімі», «Тілдің структуралық элементтері».

«Жалпы тіл білімі» қазақ аудиториясына арналған бұл саладағы алғашқы оқулық. Бұл еңбегінде ғалым өзінен бұрынғы үнді-еуропа ғалымдардың еңбектерін саралап, жинақтап, типтендіріп, тіл білімі тарихы мен тілдің жалпы теориясы туралы толымды аналитикалық тұжырымдар ұсынған. Бұл оқулық осы уақытқа дейін жоғары оқу орынындағы оқу процесінің қажетін қанағаттандырып келеді. «Тілдің структуралық элементтері» қазақ лингвистикасында тілдің құрылымдық, жүйелік сипатын толық дәлелдеген алғашқы еңбек десе де болады.

Т.Р.Қордабаев — түрколог, қазақ тілінің тарихшысы. Оның бұл саладағы пікірлері мен ой-тұжырымдары «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі», «Тарихи синтаксис мәселелері», «Түркологияның даму тарихына», «Түркология және қазақ тіл білімі» атты еңбектерінде айтылған.

Ғалым Қадырғали Жалайырдың «Жамиғат-ат-тауарихын», Абылғазы Баһадурдың «Шежіре түркісін» зерттей келе, бұл ескерткіштерде оғыз-қарлық элементтері кездескенімен, олардың тілінің қазақ тіліне неғұрлым жақын екенін дәлелдейді. Өзінен бұрын айтылып жүрген бұл ескерткіштер түркі, шағатай тілінде жазылған жазба тіл, қазақ әдеби тіліне негіз бола алмайды деген пікірлерге қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің бастауларының бірі екенін көз жеткізе дәлелдеп тойтарыс береді.

«Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі» атты монографиясында кейінгі қазақ тілінің қалыптасуына осы жазбалар тілінің әсерін көрсетіп береді. Бұл жолда ғалымның дәлелдеріне тірек — ескерткіштердің негізінен синтаксистік құрылысы. Алайда ғалым тиісті жерлерде морфологиялық, лексикалық элементтеріне жүгініп отырады.

«Түркологияның даму тарихына», «Түркология және қазақ тіл білімі» оқулықтары көлемі жағынан шағын болса да, қазақ аудиториясына түркология тарихынан, түркология мәселелерін алғаш жүйелеп, бір ізге түсіріп берген еңбектер.

Т.Р.Қордабаевтың айрықша бір еңбегі — «Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен даму жолдары» атты монографиясы. Ғалым қазақ тіл білімінің тарихын алғаш рет жүйелеп, оның әр саласының зерттеу деңгейін анықтап берді. Монографияда бұдан былай зерттелуі қажет көкейкесті мәселелерді алға қояды. Бұл еңбек қазақ тілін зерттеушілерге бағыт-бағдар беруімен құнды.

Монография саласында Т.Р.Қордабаев қомақты еңбегі — «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы» атты кандидаттық диссертациясы. Ғалым етістіктің шақтарын былай жіктейді: өткен шақ, осы шақ, келер шақ деп бөледі де, бұлардың жасалу жолдарының семантикасы мен синтаксистік қызметін талдап, көрсетіп береді. Т.Р.Қордабаевтың үш еңбегі жазылған еңбектерде терминдерде өзгеріс болғанымен, мағынасы мен формасы сол қалпында қолданылып жүр.

Т.Р.Қордабаевтың қазақ тілінің морфологиялық сипаты жөнінде басқа да азды-көпті жол-жөнекей жазған пікірлері көп.

Профессор Т.Р.Қордабаевтың айрықша да көп еңбек сіңірген саласы — синтаксис. Оның жай сөйлем синтаксисі бойынша жазғандары негізінен сөз тіркесі мен сөйлем мүшелері мәселелері туралы. Сөз тіркесі синтаксисінде Т.Р.Қордабаев сөз тіркесінен бөлек синтаксистік единица ретінде қарастыруға қарсы ғалымдарға тойтарыс беріп «оны сөйлемді құрастырушы бөлшек ретінде» арнайы жіктеп бөлек қарауды қолдайды. Бұл мәселеде ол М.Балақаев тұжырымын мақұлдайды. Т.Р.Қордабаевтың үйірлі мүше мақаласы жазылғанға дейін, үйірлі мүшелер бағыныңқы сөйлеммен бірдейлестіріліп немесе үйірлі мүшенің құрамындағы сөйлемдер бастауыш, баяндауышқа талданатыны туралы белгілер ұсынылып, я болмаса үйірлі мүше бастауыш-баяндауыштық ыңғайда тұрмау керек дейтін пікірлер айтылып келеді. Т.Р.Қордабаев осыларды саралай келе, қазір қолданылып жүрген негізгі белгілерін, атап айтқанда, құрылысын, интонациялық ерекшелігін белгілеп берді.

Бұл белгілер осы күні күн тәртібінен түскен жоқ. 50-жылдар «Халық мұғалімі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдарында жүрген дискуссияның басында ұйымдастырушы ретінде Т.Р.Қордабаев болды. Өзі де пікірлерін айтты.

Т.Р.Қордабаевтың ең құнды да, ерекше еңбектерінің құрмалас сөйлем синтаксисіне арналады. М.Балақаевпен бірігіп жазған «Қазіргі қазақ тілі» синтаксисі бөлімінің авторы — осы ғалым. Бұл кісі құрмалас сөйлемді былай жіктейді: салалас, сабақтас, аралас. Т.Р.Қордабаев салалас құрмалас сөйлемдерді құрмаласу тәсіліне қарай жалғаулықты салалас сөйлем, жалғаулықсыз салалас сөйлем деп екіге бөледі.

Жалғаулықсыз салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынасына қарай мынадай түрлерге бөледі:

1. Мезгілдес салалас сөйлем.
2. Себептес салалас сөйлем.
3. Қарсылықты салалас сөйлем.
4. Түсіндірмелі салалас сөйлем.
5. Салыстырмалы салалас сөйлем.
6. Шартты салалас сөйлем.
7. Көп компонентті салалас сөйлем.

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдерді мынадай түрлерге бөледі:

1. Мезгілдес салалас сөйлем.
2. Себептес салалас сөйлем.

3. Қарсылықты салалас сөйлем.

4. Талғаулы салалас сөйлем.

5. Кезектес салалас сөйлем.

Т.Р.Қордабаев сабақтас құрмалас сөйлемді мынадай түрлерге бөліп көрсетті:

1. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

2. Қарсылықты бағыныңқылы сөйлем.

3. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

4. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

5. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

6. Қимыл-сын бағыныңқылы сөйлем.

7. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

8. Мезгілдес сабақтас сөйлем.

Аралас құрмалас сөйлем деп құрмалас енген жай сөйлемдерді бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлемді айтады [4].

Бұлардың әрқайсысының жасалу жолдарын композициялық мағыналық қарым-қатынасын айқындап көрсетіп береді. Т.Р.Қордабаевтың осы жіктеуі кейін көп өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Бұл оқулық қазақ тілін оқып зерттеудің әлі де болса, рухани қажетін өтей беретін еңбек деп бағалауға болады. Т.Р.Қордабаев бұл еңбегін кейін де құрмалас сөйлем синтаксисіне байланысты мәселелерге мезгіл-мезгіл үн қосып отырды. Көз көргендердің айтуынша, Т.Р.Қордабаев құрмалас сөйлем синтаксисі туралы ойларын толықтырып, өңдеп, жаңа тың пікірлер қосып, «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі» атты еңбегін баспаға тапсырған. Алайда әлі жарияланған жоқ. Т.Р.Қордабаев сіңірген ерекше еңбегі — «Қазақ тілі синтаксистік құрлысының тарихы». Бұл еңбегінде айрықша атап көрсетерлік жайт, ғалымның нақты тілдік материалдар арқылы синтаксистік құрлыстың, синтаксистік бірліктердің өзгеріп, даму жолын көрсетеді, паратаксистің гипотаксиске бұрын болғанына нақты тілдік материалдар арқылы көз жеткізуі.

Т.Р.Қордабаев синтаксиске байланысты пікір айтқан бір саласы — синтаксистік құрлыстардың әр түрлі стильдегі қолданысы. Бұған байланысты біз ғалымның «Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы», «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі», «Мақал-мәтел синтаксисі» еңбектерін аламыз. Қазақ тіл білімінде жаңа ғана қолға алына бастаған күрделі синтаксистік тұтастық мәселесін зерттеуді алғаш күн тәртібіне қойған ғалым Т.Р.Қордабаев.

Өлең тармағының синтаксистік құрылысы туралы Т.Р.Қордабаев былай дейді: «Егер шумакты басқаларға тәуелсіз өз алдына бір бүтін деп қарасак, тармақты сол бүтіннің бөлшегі деп қарау керек». Мейлі салалас сөйлем болсын, мейлі сабақтас сөйлем болсын бір тармақ ішіне сыйып келген жағдайда олардың компоненттері арасында айрықша интонация, пауза дегендер болмайды. Өйткені белгілі бір интонацияға, паузаға ие болатын тармақ қана. Ал тармақ ішіне сыйып келген құрмалас сөйлем компоненттері өлең жолының бір бунағы тәрізді болып тұрады. Бұдан поэзиядағы интонация, пауза сөз тіркесінің синтаксистік сипатына, яғни сөйлем болу, болмауына ғана байланысты емес, одан гөрі өлең ырғағына байланысты, соған тәуелді деген қорытынды жасауға болады [1; 181].

Синтаксистік негізгі единица болып табылатын жай сөйлем мақал-мәтелде де қазіргі әдеби тіліміздегі тәріздес құрамда кездеседі. Мысалы: *Шабан үйрек бұрын ұшар*.

Мақал-мәтел синтаксисінде етістік екі-үш формалық құбылыстарда ғана қолданылады және негізінде екінші, үшінші жақта, келер шақта айтылады.

Мақал-мәтел синтаксисінің ерекшелігі — сөйлемдегі сөздер санының мейлінше аз, сөйлемнің өте ықшамды болатындығында.

Т.Р.Қордабаев мақалда кездесетін салалас құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен берік, тығыз байланыста болмайды. Олар өзара нашар байланысады да, әрқайсысы өз дербестіктерін сақтап, қай жағынан болса да бір-бірінен тәуелсіз тұрады деп атап көрсетеді [1; 231].

Мақал синтаксисінің өзіндік тағы бір ерекшелігі мұнда екі жай сөйлем ғана емес, сонымен бірге екі түрлі құрмалас сөйлем де бір-бірімен құрмаласып келе береді. Мысалы: *Қаз келсе, жаз келер*. Мақалда кездесетін сабақтас сөйлемнің негізгі түрі шартты рай арқылы жасалатын қарсы мәнді сабақтастар мен салыстырма бағыныңқылы сабақтастар кездеседі, ал мезгіл бағыныңқылы түрі мақалда кездеспейді деуге боларлық [1; 237]. Мақалда есімше арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлем мынадай формаларда көрінеді.

1. Бағыныңқылы компонент баяндауышы *ша*, *-ше* жұрнақты өткен шақтық есімшеден болады да, екі компоненттегі әрекет бір-біріне қарама-қарсы қойыла салыстырылады.

2. Бағыныңқы компонент баяндаушы жатыс жалғаулы келер шақтық есімшеден болады да, бағыныңқылы компонент басыңқымен мезгілдік қатынаста тұрады. Мысалы: *Ешкіні тәңір атарда, қойшының таяғына душар болады.*

Қорыта келгенде, Т.Р.Қордабаев қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар, осы ғылымға айрықша көп еңбек сіңірген ғалым екеніне көзіміз жеткенін айтуға тиіспіз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Тілтанудағы тұлға: Профессор Т.Р.Қордабаевтың 90 жылдығына арнал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды, 2005. — 335 б.
- 2 Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. — Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1967. — 83-б.
- 3 Құрышжанов Ә. Төлеубай Рахымжанович Кордабаев (70-летию) // Советская тюркология. — 1985. — № 6. — С. 25–36.
- 4 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі: Оқу құралы. — 2-бас. — Алматы: Санат, 1995. — 10-б.

С.А.Кенжеғалиев, С.Б.Иманбаева

#### Вклад Т.Р.Кордабаева в языкознание

В статье рассматриваются лингвистическое наследие Т.Р.Кордабаева и вклад, внесенный им в общее языкознание, а также то, что он впервые систематизировал историю казахского языкознания и определил уровень исследования каждой отрасли. Авторами отмечается особая роль Т.Р.Кордабаева в формировании и развитии казахского языкознания, сделан системный анализ актуальных проблем, приведенных в труде ученого «Общее языкознание».

The article considers the contribution and linguistic heritage of T.R.Kordabayev which in its turn is mentioned in the general linguistics; it is about his first systematized work on the history of Kazakh linguistics where he determined the research level in each field; he also invested his efforts to the formation and the development Kazakh linguistics.

ӘОЖ 81

С.А.Кенжеғалиев<sup>1</sup>, Қ.Қ.Нұржанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

<sup>2</sup>КГТИ–Лингва Орталық Қазақстан университеті, Қарағанды

#### Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары

Мақалада қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары, сабақтас құрмалас сөйлемнің басқа түрлерін салыстыра отырып зерттелуі қарастырылды. Қосымша, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас зерттелу тарихы мен жалпы сипаты көрсетілген. Осы синтаксистік құбылыстың зерттелу тарихына көз жүгірте отырып, олардың қолданылу аясы ерекшеліктерінің қазіргі таңда да біржакты зерттелмегені айқындалып отыр.

*Кілтті сөздер:* құрмалас сөйлем, шартты рай, компонент, грамматикалық мағына, ақпарат, интонация, субъект-предикат, көсемше тұлғалы, мысал, жатыс септігі.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады [1]. Мұндай сөйлемдердің синтаксистік компоненттері арасындағы мағыналық байланыс бағыныңқылардың басқа түрлеріндегідей бірін-бірі толықтап, бірін-бірі сипаттап тұрмайды, керісінше, бір-біріне қарама-қарсы айтылады. Біріншіден, біз қар-